

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10281 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 652 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 14.12.2015 № 652 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 9777 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 417 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті туралы ережесінің 16-тармағының 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары (А.М. Қыпшақов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде м е л е к е т т і к т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға *Д. Ерғожин*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
М е м л е к е т т і к к і р і с т е р к о м и т е т і

Т ө р а ғ а с ы н ы ң

2015

жылғы

19

қаңтардағы

№ 30 бұйрығымен

бекітілген

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 6-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленген және акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Акциздік постылар өндіру мекенжайы бойынша салық төлеушілердің аумағында немесе лицензияда көрсетілген мекенжай бойынша:

1) этил спиртин;

2) алкоголь өнімін (жылдық өндіріс қуаттылығы төрт жүз мың декалитрден төмен болатын сыра өнімдерін қоспағанда);

3) темекі бұйымдарын;

4) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын (бұдан әрі – мұнай өнімдер) тікелей өндіруді жүзеге асыру орындарында орнатылады.

2. Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру тәртібі

3. Акциздік постылардың қызметін жедел басқаруды және үйлестіруді қызметтің жекелеген түрлері бойынша салық төлеушіні тіркеу орны бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістер органдарының басшылары жүзеге асырады.

4. Акциздік постыларды ұйымдастыру, орналасқан орындары мен қызметкерлердің құрамы, салық төлеушілердің жұмыс режимінің шегінде олардың жұмыс регламенті қызметтің жекелеген түрлері бойынша салық төлеушіні тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органы басшысының бұйрығымен айқындалады.

5. Лауазымды тұлғадар осы Қағидаларда көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырған кезде Салық кодексінің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманың нормаларын, осы Қағидаларды басшылыққа алады.

6. Салық кодексінің 653-бабы 11-тармағына сәйкес акциздік постыда тұған салық органының лауазымды тұлғасы:

1) салық төлеушінің акцизделетін тауарларды өндіруге, сақтауға және

өткізуге пайдаланатын әкімшілік, өндірістік, қойма, сауда, қосалқы үй-жайларды зерттеп-тексереді;

2) акцизделетін тауарларды өткізу кезінде қатысады;

3) салық төлеушінің аумағынан (аумағына) кіріп (шығып) жатқан жүк көлік құралдарын тексеріп қарайды.

7. Салық кодексінің 653-бабы 10-тармағына сәйкес акциздік постыдағы салық органының лауазымды тұлғасы:

1) салық төлеушінің акцизделетін тауарлардың өндірісі мен өткізілуін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауына;

2) сатып алушыда тиісті қызмет түріне лицензияның және (немесе) лицензияның қосымшасының болуына;

3) акцизделетін тауарлардың тек қана өлшеуіш аппараттары арқылы бөлінуіне және (немесе) босатылуына немесе есепке алу құралдары арқылы өткізілуіне (құйылуына), сондай-ақ олардың пломбыланған түрде пайдаланылуына;

4) салық төлеушінің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін есепке алу-бақылау немесе акциздік маркалармен таңбалаудың тәртібін сақтауына;

5) салық төлеушінің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін оларды босатқан кезде ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу қағидаларын сақтауына;

6) акцизделетін тауарларға акциз ставкаларының дұрыс қолданылуына, бюджетке акциздердің дер кезінде және толық төленуіне;

7) акцизделетін тауарлардың өндірісі үшін негізгі шикізаттың, қосалқы материалдардың, дайын өнімнің, есепке алу-бақылау маркаларының немесе акциздік маркаларының қозғалысына бақылауды жүзеге асырады.

8. Лауазымды тұлғалар акциздік постыда болған кезінде:

1) негізгі шикізатты, қосалқы материалдарды, акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін тиесп-жөнелткен, жүкті түсірген (қабылдаған), орнын ауыстырған кезде қатысады және олардың көлемін тауарлардың ілеспе жүкқұжаттарында көрсетілген және есепке қабылдап алған деректермен салыстырады;

2) алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбалардың түпнұсқалығын іріктеп тексеруді арнайы аспаптар арқылы жүзеге асырады;

3) ағымдағы жұмыс күні ішінде әкелінетін акцизделетін өнімді қабылдауды (түсіруді) аяқтай алмаған жағдайда, кәсіпорынның жауапты қызметкерімен бірлесіп, қойма үй-жайларын, көлік құралдарын жұмыс істемейтін уақыт кезеңіне біржолғы индикаторлық бақылау пломбасымен пломбалайды және акцизделетін тауарлардың қолда барын және олардың бүтіндігін тексереді;

4) жұмыс істемейтін уақыт кезеңіне және тұрып қалған уақытта: акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін пайдалану мен жұмыс

істеуін болдырмау үшін өндіру желілерін;
спирт сақталатын қоймадан алкоголь өнімін өндіруге этил спиртің беру
к р а н д а р ы н ;

мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруге арналған шикі мұнайды,
мұнай өнімдерін жіберу крандарын (бұрандаларын);
өндірушінің немесе көтерме сатушының кіру және шығу қақпаларын (
өндірушімен немесе көтерме саудада сатушымен келісім бойынша);
алкоголь өнімдерін өндірушінің араластыру цехындағы кіргізу және шығару
қ ұ б ы р ж е л і л е р і н ;

мұнай өнімдерін араластыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен шағын
мұнай өндіруші зауыттардағы кіргізу және шығару құбыр желілерінің крандарын
(б ұ р а н д а л а р ы н) ;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін сақтауға арналған қойма
ү й - ж а й л а р ы н ;

дизель отынын, бензинді босату крандарына біржолғы индикаторлық
бақылау пломбасымен пломба салады.

Біржолғы индикаторлық бақылау пломбасымен пломбы салу жөніндегі
жұмыстарды жүзеге асырғаннан кейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес
нысан бойынша пломбы салу актісі жасалады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда
көрсетілген пломбаларды өндірушінің өкілдері шығарып алады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай фактілерін табиғи және
техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту және тоқтату саласындағы
у ә к і л е т т і о р г а н р а с т а й д ы ;

5) өндіруші басшысынан және басқа да лауазымды тұлғадардан акцизделетін
тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру мен айналымы жөніндегі мәліметтер мен
құжаттарды өз өкілеттіктері шегінде сұрау салады;

6) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің, сондай-ақ осы
Қағидаларда көрсетілген негізгі шикізат пен қосалқы материалдардың
қалдықтарын шығаруды жүзеге асырды, акцизделетін тауарлардың жекелеген
түрлерінің, негізгі шикізат пен қосалқы материалдардың қалдықтарын шығару
актісін осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге
а с ы р а д ы ;

7) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру кезінде
пайдаланылатын құрал-жабдықты алып тастау, алмастыру немесе жаңасын
енгізу кездерінде, бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жазбаша түрде мемлекеттік
кірістер органдарына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитетіне (бұдан әрі - Мемлекеттік кірістер комитеті)
х а б а р л а й д ы ;

8) акциздік постыдағы болған кезден кейінгі екінші күні «Акциз» ақпараттық жүйесі арқылы күн сайынғы акциздік постының этил спирті және (немесе) алкоголь өнімдерін (шарап материалынан басқа) өндіру мен өткізу көлемдері бойынша есептерді Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша және бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын өткізу көлемдері бойынша акциздік постының есептерін Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік кірістер комитетіне тапсыруды қамтамасыз етеді;

9) пломбаның бұзылғанын немесе бұрмаланғанын (табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда) не спирт өлшеуші аппараттардың бақылаушы есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің бұрмаланғанын анықтаған немесе белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге жатпайтын есепке алу-бақылау немесе акциздік маркаларды, алкоголь өніміндегі есепке алу-бақылау маркасының, темекі бұйымдарында акциздік маркалардың жоқ екендігін анықтаған жағдайда тиісті акт жасайды.

Көрсетілген фактілер олар анықталған сәтінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей мемлекеттік кірістер органына жазбаша түрде жеткізіледі.

9. Акциздік постыда тұрған лауазымды тұлға осы Қағидалардың 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша журналдарын толтырады.

Бұл ретте шикізат ретінде пайдаланылатын мұнай өнімдерінің араластыру кезіндегі көлемдері негізгі шикізаттың қозғалыстары журналында көрсетіледі.

10. Журналдар нөмірленеді, жіппен тігіліп басшының қолы қойылады және тиісті мемлекеттік кірістер органының мөрі басылады.

3. Қорытынды ережелер

11. Акциздік постылардың қызметін бақылау Мемлекеттік кірістер комитетіне мемлекеттік кірістер органдары берген деректерді талдау және мемлекеттік кірістер органдары мен Мемлекеттік кірістер комитетінің акциздік постыларға тексеру жүргізуі арқылы жүзеге асырылады.

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына 1-қосымша Нысан

Пломба салу актісі

№	Күні	Мемлекеттік кірістер органының коды	Кәсіпорынның атауы	Кәсіпорынның БСН	Пломбаны салу орны	Бір рет пайдаланатын бақылау пломбасының нөмірі	Салынған пломбалар саны
1	2	3	4	5	6	7	8

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Акциздік посты қызметкерінің аты-жөні _____
(қ о л ы)

Акциздік посты қызметкерінің аты-жөні _____
(қ о л ы)

Мекеменің уәкілеттік берілген мүшесінің аты-жөні _____
(қ о л ы)

Мекеменің уәкілеттік берілген мүшесінің аты-жөні _____
(қолы)

Акциздік постылардың қызметін
ұйымдастыру қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің, негізгі шикізат пен қосалқы материалдардың қалдықтарын шығару актісі

№	Күні	Мемлекеттік кірістер органының коды	Кәсіпорынның атауы	Кәсіпорынның БСН	Акцизделетін тауардың түрі	Негізгі шикізат	Қосалқы материалдар	Мөлшері алкоголь үшін - темекі бұйымдар 1000 да бензин я дизель оти - тонна)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Акциздік посты қызметкерінің аты-жөні _____
(қ о л ы)

Акциздік посты қызметкерінің аты-жөні _____
(қ о л ы)

Мекеменің уәкілеттік берілген мүшесінің аты-жөні _____
(қ о л ы)

Мекеменің уәкілеттік берілген мүшесінің аты-жөні _____
(қолы)

Акциздік постылардың қызметін
ұйымдастыру қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Акциздік постылардың деректері бойынша этил спирті және/немесе алкоголь өнімін өндіретін кәсіпорындардың өндірісі және өткізу көлемдері туралы есеп

Р/с №	Өндіруші кәсіпорынның БСН	өндіруші кәсіпорынның атауы	күннің басына өнім қалдығы	есепті кезеңде өндірілген этил спирті мен алкоголь өнімі					өлшеу аппаратының көр	
				түрі	өнімнің атауы	шөлмек (дана) (шөлмекке құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмектің сыйымдылығы (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	даллда	спирт өлшеуші аппаратының №	күннің басына спирт өлі аппаратта көрсеткіш
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

басқа жақтан келіп түсті немесе одна әрі сатылған өнімді қайтару								есепті кезеңде заңды немесе этил спирт және алкоголь өнім		
кіріс түрі (басқа жақтан немесе қайтарылған)	түрлері бойынша	шөлмек данада (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмекте сыйымдылық (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	даллда	жеткізушінің БСН	жеткізуші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның атауы	түрі	данадағы шөлмек (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмектің сыйымдылық (шөлмектер құйылған алкоголь өнімі үшін)	
20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	

Акциздік ұйымдастыру 4-қосымша Нысан

постылардың қағидаларына

қызметін

		органының коды				есепке алу аспаптарының көрсеткіштері	есепке алу аспаптарының көрсеткіштері	тұлғасының аты-жөні, тегі және қолы	аты-ж тегі. : қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Акциздік постылардың қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Негізгі шикізат қозғалысының есеп журналы

Күні	Негізгі шикізаттың атауы	Қолда бар негізгі шикізат (тонна, дал.)					Акцизделетін тауарларды өндіруші кәсіпорнының жауапты тұлғасының аты-жөні, тегі және қолы	Мемлекетт. кірістер органының жауапты тұлғасының аты-жөні, және қолы
		Күннің басына қалдығы	Бір күн ішінде алынды	Өндіріске жіберілген	өндірістік шығындар	Күннің соңындағы қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Акциздік постылардың қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Есепке алу-бақылау мен акциздік маркалар қозғалысының есеп журналы

Күні	Есепке алу-бақылау мен акциздік маркалардың саны, дана					Акцизделетін тауарларды өндіруші кәсіпорнының жауапты тұлғасының аты-жөні, тегі және қолы	Мемлекетт. кірістер органының жауапты тұлғасының аты-жөні, және қолы
	Күннің басына қалдығы	Бір күн ішінде алынды	Пайдаланынды	Күннің өндірістік шығындары	Күннің соңындағы қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8

Акциздік постылардың қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Шыны ыдысы және кега қозғалысының есеп журналы

Күні	Шыны ыдысының және кега қозғалысы, дана.						Акцизделетін тауарларды өндіруші кәсіпорнының жауапты тұлғасының аты-жөні, тегі және қолы	Мемлекеттік кірістер органының жауапты тұлғасының аты-жөні, тегі және қолы
	Күннің басына қалдығы	Алынды	Өндірістік шығындар	Өндіріске жіберілген	қайтару	Күннің соңына қалдығы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Акциздік ұйымдастыру 10-қосымша Нысан

постылардың қағидаларына

қызметін

Акцизделетін өнімдердің өндірісі мен өткізілуіне арналған есеп журналы

№	Салық төлеушінің атауы	Салық төлеушінің БСН	Акцизделетін өнімдердің өндірісі мен өткізілуі (этил спирті мен алкоголь өнімі үшін - дал, темекі бұйымдарына - 1000 дана, бензин және дизель отынына - тонна)						Күннің соңындағы қалдығы	Акцизделетін тауарларды өндіруші кәсіпорнының жауапты тұлғасының аты-жөні, тегі және қолы	Мемлекеттік кірістер органының жауапты тұлғасының аты-жөні, тегі және қолы
			Күннің басындағы қалдығы	Бір күн ішінде өндірілді	Өндіріске жіберілді	Өндірістік шығындар	Бір күн ішінде өткізілді	Күннің соңындағы қалдығы			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	